



\* СӨЖ

Тақырыбы: Қазақстандағы БМСК  
жағдайында психиатриялық көмек  
ұйымдастыру

Орындаған: Жубатова.П  
305 Б Стом  
Тексерген: Мархабаева.Р

# \* Жоспар :

\* Кіріспе

\* Негізгі бөлім

\* 1. балалар және жасөспірімдерге психиатриялық көмекті ұйымдастыру

\* 2. Ересек адамдарға психиатриялық көмек ұйымдастыру ерекшелігі

\* Қорытынды

\* Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

\* Психиатриялық көмек-психикалық аруы бар науқастарды емдеуді, оны диагностикалау және алдын алу мақсатында ұйымдастырылады.

- \* Азаматтарға ақысыз медициналық көмектің кепілді көлемінің қолайлығын және оны алуын қамтамасыз ететін мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің негізін:
- \* фельдшерлік-акушерлік пункт (дәрігерге дейінгі көмек);  
дәрігерлік амбулатория, емхана және учаскелік аурухана (дәрігерлік көмек);  
аудандық орталық аурухана, диспансерлер (білікті дәрігерлік көмек);  
облыстық аурухана, қалалық аурухана, диспансерлер, жедел медициналық жәрдем ауруханалары мен станциялары, республикалық орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарының клиникалары (мамандандырылған дәрігерлік көмек) құрайды.  
Лицензиясы болған жағдайда заңды және жеке тұлғалардың медициналық ұйымдардың басқа да түрлерін ашуына рұқсат етіледі.  
Халыққа медициналық жәрдем көрсету: алғашқы медициналық-санитариялық көмекті, мамандандырылған медициналық көмекті, медициналық-әлеуметтік көмек пен оңалтуды қамтиды.  
Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесіне кіретін арнайы медициналық ұйымдар (жедел медициналық жәрдем станциялары мен бөлімдері) өмірге қауіп төнген жағдайларда, бақытсыз жағдайларда және ауыр сырқаттанған кезде ересектер мен балаларға тегін жедел медициналық көмек көрсетеді.

\*Балалардағы невроздар, шизофрения, эпилепсия, бас миының экзогенді зақымдануы. Бұл аурулар диагностикасында маңызды рөл атқаратын негізгі белгілер кез келген жаста кездесуі мүмкін болғанымен, балалардағы симптоматикасы ересектердікінен бөлек. Сонымен қатар, тек қана балаларда кездесетін бірқатар аурулар кездеседі.

## \* Балаларға психиатриялық көмек көрсетудің ерекшелігі:

- \* Үш мемлекеттік құрылымның бірігуімен жүргізіледі: медицина, әлеуметтік қорғау, білім алу деңгейінде.
- \* Амбулаторлық деңгейде психиатриялық көмек көрсету.
- \* Психиатриялық ауруханалардың бөлімшелері.
- \* Көп аймақтарда амбулаторлық көмекті психоневрологиялық диспансерлерде , поликлиникаларда психиатр қызмет істейді. Олар науқас балаларды қабылдап амбулаторлық көмек көрсету үшін емдеудің әр түрлі тәсілдерін қолданады.

\* Стационарлық көмек көрсету бұл ірі қалалардағы бөлімшелерде бар. Олар балалар үшін арнайы жабдықталған және он сегіз жасқа дейінгі балалар бақыланады және бұл жерде арнайы педагогикалық жұмыста атқарылады (сыныптық бөлме, ойнауға арналған бөлме).

\* Реабилитациялық және әлеуметтік қолдау мекемелері оларға жататындар балалар үйі және психоневрологиялық интернаттар. Бұл мекемелер психикалық ауруға байланысты ақыл есі кем және мүгедек балаларға күтім жасайды.

\* Баланың қай мекемеде білім алуын арнайы психомедиико-педагогикалық комиссия анықтайды. комиссияның құрамына кіретіндер: білім алу жүйесінің, әлеуметтік қорғау жүйесінің өкілі, балалар психиатры, дефектолог, психолог және логопед. Олар қалыпты мектепте оқи алмайтын психикалық бұзылысы бар балаларды оқыту тәсілін анықтайды. Комиссия науқас баланың ауру тарихын, баланың өсу тарихын, жазба жұмыстар мен мектептің мінездемесін еске ала отырып анықтайды.



\* Түзете дамыта оқыту сыныптарындағы психикалық дамуы тежелген оқушылар ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес білім алады. Психикалық дамуы тежелген балалардың бір бөлігінің сөйлеу тіліннің жүйелі түрдегі бұзылыстары болады, ал бұл олардың тақырыпты меңгерулеріне кедергі келтіреді. Осы оқушыларды оқытудағы түзету міндеттерінің біріне сөйлеу тілін жан- жақты дамыту жатады. Оқушылардың тілін дамыту- қазіргі кезде оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе. Бастауыш мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшелігіне сай тапсырмалар, жаттығу жұмыстары берілген. Сол сияқты тіл дамыту жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұрақтарға жауап беру және мазмұндама мен шығарма жаздыру арқылы жүзеге асырылады.

Психикалық дамуы тежелген оқушыларды оқытуда тіл дамыту жұмыстары мынадай бағытта ұйымдастырылады.

Сабақты түсіндіру барысында психикалық дамуы тежелген баламен қарым-қатынас жасағанда әсерлі сөйлеп, тыңдаушысын өзіне баурап алуы.

Баланың тілін дамыту үшін өзі қажет деген әдісті пайдалануы. Өтілетін мәтіндерді, орындалатын жаттығу жұмыстары, қазақ баласының халықтық ұғымына таныс, жеңіл болуы.

Тіл дамытуда мақал - мәтелдер, мысалдар, өлең-жыр, қызықты әңгімелер, шешендік сөздер таңдалып алынуы.

Сөздік жұмысын жүргізу, жаңа сөздерді үйретіп, оны іс жүзінде қолдана білуге үйрету.

## Егде адамдарға психиатриялық көмек көрсетудің ерекшеліктері

\* Өкінішке орай тек науқастар ғана емес оның туыстары мен кейбір дәрігерлер де егде жастағы адамдардағы психикалық өзгерістерді қартаюмен байланыстырады. Нәтижесінде науқас адам маманға тек аурудың созылмалы түріне ауысқанда немесе қайталанбас өзгерістер болған кезде соқтығысады. Егде жастағы адамдар өздерінің туыстары мен жақындарынан қолдауды қажет етеді. Бұл комплекстер қартаю үрдісінің бірге жүретін психологиялық себеп пен биологиялық фактормен жүреді.

\* Қартаю шағында көптеген психологиялық күрделі жағдайлар пайда болады. Сол себепті үрей, психозақымдаушы жағдайлар мен уайымдар , әр түрлі қорқыныштар, жылау, жалпы жағдайының нашарлауы, көптеген ауырсынулар және вегетативті бұзылыстар, ұйқысыздық – невроздың белгілері.

\* Егде жастағы адамдарда көбінесе депрессия кездеседі. Депрессия кезінде көңіл-күйінің төмендеуі, үрей сағыныш, қоршаған ортаға деген бейімнің төмендеуі, әлсіздік, өлім туралы ойлар, тәбетінің төмендеуі, ұйқының бұзылысы.

\* Ересек адамдарға психиатриялық көмек көрсету түрлері:

\* Жедел психиатриялық көмек

\* Амбулаторлы-поликлиникалық психиатриялық көмек (психоневрологиялық диспансер, поликлиникадағы арнайы кабинеттер)

\* Жартылай стационарлы психиатриялық көмек

\* Стационарлық психиатриялық көмек.

- \* Үлкен жастағы адамдар бұрынғы артта қалған өмірге оралғысы келеді, өмірбаянының бір сәтіне оралсам деп арамандайды. Шет елдерде қолданылатын технологияның бірі — психогимнастика. Бұл технологияда қарттарға арналған «Еске түсіру» клубын ұйымдастыру. Қарт адамдар жастық шақты, денсаулықты күтуге, әлеуметтік қызметін еске алуға мүмкіндік тудырады. Оған қоса, өткенге шолу суреттер, кітаптар, газеттер және журналдар да көмекке келеді.
- \* Қарттарға еңбектерапиясын қолдуға болады. Индивидуалды қоғамдық ұйымдарға қатыстыру, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру, коммуникативті мүмкіндіктер, өзінің өмірін ұйымдастыруда шешім қабылдау, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу. Еңбектерапиясын, бұл жерде әлеуметтік реабилитация ретінде қарастыруға болады. Қартайған кезде бұл тәсіл өте нәтижелі және эффективті. Бұл терапияның ерекшелігі соматикалық және психикалық денсаулықты дұрыс баланста ұстауға көмек көрсетеді. Эмоционалдық қалпын, өмірлік тонусын толыққанды және тең құқықты өмір сүруді сезіндіреді.
- \* Қарт адамдарды қоғамдық өмірге қатыстыру керек. Олардың еңбегі мен өздерінің қоғам керек екенің сездіру. Олар ақылшы, жастарға жол сілтеуші.

# \* Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- \* 1. Блинова Л.Н. «Диагностика и коррекция в образовании детей с ЗПР», М., 2002 .
- 2. Обучение детей с задержкой психического развития / Под ред. В. И. Лубовского. — Смоленск, 1994.
- \* <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100006776/compare>